

**6D050400-Журналистика мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін «Медиа тәуелділік: себептері мен
салдарлары» тақырыбындағы
Алимбекова Саягул Кабылбековнаның
докторлық диссертациясына
ғылыми көңесшінің пікірі**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Зерттеудің өзектілігі қазіргі цифрлық кезеңде ерекше мәнге ие. Қазіргі таңда медиа ресурстары қоғам дамуына, азаматтардың пікір қалыптастыруына ықпал ететін негізгі арналарының бірі болып отыр, сол себепті медиа тәуелділік, ақпарат тұтыну, интернет ресурстарын қолданудың себептері және оның салдары әлемде, сондай-ақ Қазақстанда маңызды мәселе.

Ақпараттық ғасырдың ықпалымен медиа индустрия әлемде күн санап ғарыштап дамып келеді. Сәйкесінше, оны қолданушылар мен тұтынушылар қатары да артуда. Медиа өнімдердің шексіздігі, шекарасыз кеңістігі, тәулік бойы тұтынушыға қолжетімділігі аландататын жағдай. Бұдан жарты ғасыр бұрын алғаш рет ғылыми зерттеу алған медиа тәуелділік теориясы дәл осы ақпараттық, сандық жаңа дәуір кезеңінде қоғамға қалай әсер етуде, медиаға тәуелділіктің себептері мен салдарлары қандай деген сұрақтарды ғылыми айналымға енгізіп, жаңа дәуірде, жаңа медиа ресурстар қолжетімді әрі сан алуандылыққа ие болған кезеңде зерттеп, талдау жасау жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Медиа ұғымына - бүкіл интернет ресурстар, дәстүрлі БАҚ, порталдар мен сайттар, сандық технологиялар, әлеуметтік желілер мен онлайн ойындар, блогерлер аккануттары мен ресми және бейресми бұқаралық ақпарат құралдары кіретіні рас. Ізденушінің медиа тәуелділікті дәстүрлі және жаңа медианы салыстыра зерттеуі, оларға контент анализ жасуы және жастар арасында сауалнама жүргізуі диссертациялық жұмысының басты міндегінен жатады.

Медиа тәуелділіктің себептерін психологиялық, әлеуметтік және технологиялық факторлар негізінде талдау барысында Отандық және шетелдік медиа ресурстарға салыстырмалы анализ жасап, ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге арналған бұл зерттеу жұмысының өзектілігі жоғары. Медиа тәуелділіктің түрлерін: әлеуметтік желіге, бейне ойындарға және Онлайн жаңалықтар мен ақпаратқа және стримингтік контентке (кино, сериал) тәуелділік деңгейінде салыстыра зерттеу жұмыстың ғылыми өзектілігін арттырады.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына байланысты теориялық мәселелерді шешуде медиа тәуелділік ұғымының эволюциясы, түсінігі және анықтамасы берілген. Медиа тәуелділік ұғымының: Uses and Gratifications Theory, Social Learning Theory, Cognitive-Behavioral Model сияқты тұжырымдамаларын негізге ала отырып, ізденуші медиа өнімдерге талдаулар жасап, нақты дәлелдермен көрсетеді. Медиа тәуелділіктің әлеуметтік және мәдени салдары және жастар арасында виртуалды мәдениеттің қалыптасуы сұрақтарын зерттеп, зерделеуде Қазақстан және шетел студенттері арасында сауалнама жүргізіп, сауалнама нәтижесін ұсынады.

Ғылыми жұмыстың басты нәтижелері ретінде дәстүрлі ақпарат құралдарының жаңа медиаға трансформациялануы кезеңінде цифрлық медианың медиа тәуелділікті арттыруы нақты зерттеулер негізінде дәделденеді. Медианың қоғамдық пікір қалыптастырудың ықпалы және әлеуметтік желілердегі инфлюенсерлердің рөлі айқындалады. Сонымен, қатар, цифрлық медианың қоғамдағы медиа тәуелділікті арттырудың ықпалы мен әлеуметтік желінің ақпарат алу және тарату көзіне айналу мәселелеріне дәйектер келтіріп, оны ғылыми айналымға енгізеді.

3. Диссертацияда ұсынылған әрбір ғылыми нәтиженің (ереженің), қорытындылар мен тұжырымдардың негізділігі мен шынайылық деңгейі

Диссертацияда ұсынылған қорытындылар мен ғылыми нәтижелер жеткілікті эмпирикалық деректерге негізделген. Автор зерттеудің әртүрлі әдістерін (фреймингтік талдау, контент-талдау, терендетілген сұхбат және т.б.) толықтай пайдаланады, бұл қорытындыларды шынайы және нақты мысалдармен толықтырады. Жұмыстағы әрбір ғылыми нәтиже теориялық негіздермен қатар эмпирикалық деректермен де расталған, бұл оның жоғары шынайылық деңгейін қамтамасыз етеді.

Медиа тәуелділіктің әлеуметтік және мәдени салдары және жастар арасында виртуалды мәдениеттің қалыптасуын зерттеудің әртүрлі әдістерін (фреймингтік талдау, контент-талдау, терендетілген сұхбат және т.б.) толықтай пайдаланады, бұл қорытындыларды шынайы және нақты мысалдармен толықтырады. Жұмыстағы әрбір ғылыми нәтиже теориялық негіздермен қатар эмпирикалық деректермен де расталған, бұл оның жоғары шынайылық деңгейін қамтамасыз етеді.

Медиа тәуелділік теориясын Қазақстандық тәжірибеде қолдануды жақсарту жолдары ұсынылады. Әсіресе, контент мазмұнын жақсарту мен медиа өнімдер сапасын арттыруға, сынни ойлау мен медиа сауаттылықты арттыруға баса назар аудару қажет.

4. Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы

Докторант контент анализ, салыстырмалы талдау, сауалнамы жүргізу нәтижесінде Қазақстандағы медиа тәуелділік деңгейін анықтайды. Зерттеу жұмысында медиа тәуелділіктің алдын алу және шешу жолдарын ұсынады.

Медиа сауаттылықты арттыру және сынни ойлаудың маңызына тоқталып, жеке деңгейдегі медиа тәуелділікті басқару әдістерін көрсетеді. Медиа тәуелділікпен күрес жолында мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың рөлін ажыратып, Мемлекеттік саясат пен заңнамалық реттеуді анықтайды. Зерттеу жұмысында медиа тәуелділікпен күресудің халықаралық тәжірибесі: Ресей, АҚШ, Еуропа елдері мысалында нақты деректермен беріліп, ұсыныстар айтылады. Жаһандық трендтер мен болашақ болжамдарды атап өтеді.

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан мен АҚШ-тың мәдени, әлеуметтік және цифрлық контекстіндегі медиа тәуелділік феноменіне салыстырмалы тұрғыдан қараған алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады.

Зерттеудің жаңашылдығы келесі аспектілерде көрінеді:

Салыстырмалы әдіstemемен талдау — Қазақстан мен АҚШ-тағы медиа тұтыну ерекшеліктерін, медиа тәуелділіктің себептері мен салдарын салыстыра отырып, екі елдің медиа кеңістігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау.

Аймақтық контексті ескеру — батыстық ұлгілерге негізделген зерттеулерден өзгеше көзқарас ұсыну үшін Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени факторлар мен аймақтық ерекшеліктерді ескеру арқылы медиа тәуелділікке әсер ететін факторларды қарастыру.

Кешенді тәсіл — медиа тәуелділіктің көп қырлы табиғатын жанжакты қарастыру үшін саулнама, сұхбат және медиа контентті талдау әдістерін біріктіру.

Жастар мен әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықтарды талдау — әртүрлі жас топтары мен әлеуметтік топтар арасында медиа тәуелділік деңгейін салыстырып, қай аудиториялардың тәуелділігі жоғары екенін анықтау.

Саяси және цифрлық реттеу тәжірибелерін салыстыру — АҚШ пен Қазақстандағы медиа саясаты, платформаларды реттеу тәжірибелері мен цифрлық сауаттылық деңгейін салыстыра отырып, медиа тәуелділікті азайтуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

5. Алынған нәтижелердің ішкі үйлесімділігін бағалау

Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны мен көлемі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, зерттеу барысында жасалған тұжырымдары мен түйіндері, диссертациялық жұмыстың нәтижесі мен қорытындылары, рәсімделуі докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сай келеді, атапған жұмысты қорғауға жіберуге болады деп есептейміз.

6. Алынған нәтижелердің өзекті мәселелерді, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғаны

Жұмыстың нәтижелері медиакеңістіктегі процестерді теориялық тұрғыдан түсінуге және журналистика саласында практикалық қолдануға

бағытталған. Автордың зерттеуі әлеуметтік желі арқылы жастардың медиа тәуелділігіне байланысты кездесетін қындықтарды қалай женуге болатынын және ақпараттық сауаттылықты арттыру үшін қандай практикалық ұсыныстар пайдалы екенін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Жұмыс зерттеуші-журналистерге де, практик-журналистерге де құнды. Сонымен қатар, бұл зерттеу медиа сауаттылық, журналистика этикасы, ақпараттық қоғам және ақпараттық манипуляция зерттеу бағыттарына қызығушылық танытқан жоғары оқу орындарына, БАҚ редакцияларына, цифрлық порталдарға және қоғамдық қорларға пайдалы болуы мүмкін.

7. Диссертацияның негізгі ережелері, нәтижелері, корытындылары мен тұжырымдарының жариялануының толықтығын раставу

Диссертацияның негізгі ережелері ғылыми журналдарда жарияланып, ғылыми конференцияларда баяндалған. «Ecological Problems in Mass Media in Kazakhstan» атты ғылыми мақала 2018 жылы JPSR-PP - Journal of Pharmaceutical Sciences and Research (ISSN09751459-India-Scopus) 10(6), 2018. – P.1422-1427. жарық көрді. Бұл журнал Scopus ғылыми базасына енген.

8. Диссертация мазмұны мен рәсімдеуіндегі кемшіліктер

Диссертацияға оң баға бере отырып, медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларын жариялаудағы цифрлық медианың ықпалы туралы ақпараттарды бір жүйеге түсіруде жаңа технологиялық бағдарлама құралдарын қолдану қажеттілігін атап өтуге болады. Бұл зерттеу ауқымын кеңейтуге және салыстырмалы талдауды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

9. Диссертацияның қойылатын талаптарға сәйкестігі

Алимбекова Саягул Кабылбековнаның «Медиа тәуелділік: себептері мен салдарлары» атты диссертациясы 6D0050400 – Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған, жеткілікті жоғары теориялық және аналитикалық деңгейде орындалған, ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай келеді және журналистика мен ақпарат саласына қосар өзіндік үлесі бар. Диссертациялық жұмыс кейбір ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, «6D0050400 – Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші

К.Н. Мысаева

Қолын растаймын
Подпись заверяю